



НОВАТОР



№ 39 (4250)



* Жетістік

ПАРАКСИЛОЛ ӨНДІРІСКЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Ағымдағы жылғы қазанның 2-сі Атырау мұнай өңдеу зауытының ғана емес, отандық мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібіндегі елеулі оқиғамен айшықталды. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев бекіткен ҚР 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы аясында салынған ароматикалық көмірсутектер кешенінде тағы бір жаңа өнім – параксиллолдың алғашқы партиясының алынуына орай ресми шара өтіп, оған ҚР энергетика министрлігі, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ, «ҚазМұнайГаз - өңдеу-маркетинг» АҚ-ы жетекшілері қатысты.

2006 жылы ҚР Үкіметі әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін

қалыптастыру және тұңғыш қазақстандық мұнай-химия кешенін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітіп, ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ – на Атырау мұнай өңдеу зауытындағы бензол өндірісі жобасын уақытылы іске асыруды міндеттеген болатын. Осыдан бес жыл бұрын бастау алған кешен құрылысы 2014 жылы аяқталып, 2015 жылдың 3 шілдесінде бензолдың алғашқы партиясы алынған еді. Енді, міне, кешенде келесі бір мақсатты өнім – параксиллолдың алғашқы тобы қазан паркiне жіберiлдi.

Айта кетейік, бензол мен параксиллол – мұнай өңдеудің жоғары сұранысқа ие өнімдері, олар мұнай – химия саласының алуан түрлі өнімдерін, соның ішінде ка-

прон, пластикалық массалар, пластикалық талшықтар алуда қолданылады. Сонымен қатар, бұл шикізаттардың бояу, ауыл шаруашылығына қажетті улы химикаттар, құрылысқа қажетті фенолформальдегидті шайыр өндірісінде, жиһаз шығаруда және дәрілік препараттар мен еріткіштер өндірісінде де маңызы зор.

Отандық мұнай өнеркәсібінің әлеуетін арттыруға мүмкіндік берген бұл жобаның құрылысына 3800 адам қатысса, кешен пайдалануға берілгеннен соң 277 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Ресми шара еліміздің Әнұранынан бастау алды. Атыраулық мұнай өңдеушілерді өндірістік жетістікпен құттықтаған облыс басшысы Бақтықожа Измұхамбетов бұл

жобаның маңыздылығын айрықша атап өтті:

- Ароматикалық көмірсутектер шығару кешенінің іске қосылуы Қазақстанның мұнай – химия саласына бастау болады. Біз мұнай өңдеу саласын дамытуда тағы бір маңызды қадам жасап отырмыз. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Атырау облысына жұмыс сапары кезінде өңірдегі экономиканы диверсификациялау бағытында жасалып жатқан жұмыстарға оң баға берді. Бұған қоса, Елбасы мұнай өңдеу тереңдігін арттырып, қосылған құны жоғары өнімдер шығару туралы міндеттер жүктеді. Біз бүгін осы міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін маңызды қадам жасалғанын нық сеніммен айта аламыз.

(Соңы 2-бетте).



УАҚЫТПЕН ҮЗЕҢГІЛЕС!
ВМЕСТЕ СО ВРЕМЕНЕМ!

* **Жетістік**

ПАРАКСИЛОЛ ӨНДІРІСКЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Шараға қатысқан ҚР энергетика вице – министрі Мағзұм Мырзағалиев өз сөзінде мұнай-химия өнімдерін шығаратын мұндай ірі кешеннің бұрын соңды Қазақстанда болмағандығын, бұл ТМД аумағындағы ең ірі жоба саналатындығын тілге тиек етті.

– Зауыт Қазақстан үшін аса маңызды бензол және параксиллол шығаруға мүмкіндік беретін жобаны іске асырды. Осылайша Мемлекет басшысының экономиканың шикізат секторын қосылған құны жоғары өнімдер шығаруға қайта бағдарлау жөніндегі тапсырмасын орындап отырмыз. Бұл кешеннің іске қосылуымен Қазақстанда мұнай – химия өнеркәсібінің іс жүзінде негізі қаланды, – деді зауыт ұжымына өсіп-өркендеу тілеген вице-министр.

Сондай-ақ, ароматикалық көмірсутектер шығаратын кешен жобасын іске асырушы бас мердігер **Sinoprec Engineering (Group) Co., LTD ҚФ бас директоры Янь Шаочунь** кешен құрылысының сәтті аяқталуымен құттықтай келе, жобаны іске асыру кезіндегі сенімді серіктестік, ықпалдастық пен қолдау үшін алғыс білдірді:

– Ағымдағы жылдың ішінде айында біз ССР қондырғысын сәтті іске қоссақ, бүгін, міне, Атырау мұнай өңдеу зауыты өзінің 70 жылдық мерейтойын, сондай-ақ, Атырау жұртшылығы қала күнін атап өткелі жатқан мерейлі күні РХ қондырғысында параксиллолдың



мемлекеттің – Қазақстан, Ресей және Қытайдың мыңдаған инженері мен құрылысшысы тер төгіп, еңбек етті. Бүгінгі мереке – солардың арқасы. Бұл кешеннің игілігін тек үш мемлекет қана емес, дүниежүзі елдері көреді деп сенемін.

Мәртебелі меймандардың құттықтауынан соң параксиллолдың алғашқы партиясының алынуына арналған салтанатты рәсімге кезек берілді. «АМӨЗ» ЖШС бас директорының қайта жаңғырту және даму жөніндегі бірінші орынбасары **Рүстем Бисалиев** параксиллол өндірісін игерумен зауыттың даму тарихының тағы бір жаңа парағы ашылғандығын айтып, жобаны іске асыруға қатысқан серіктестерге алғысын білдірді:

– Осыдан екі ай бұрын біз бензолдың алғашқы партиясын алдық, таяу



алғашқы партиясын алмақшымыз. Бұл, әрине, ел Президенті мен Үкіметтің, облыс әкімдігінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК мен Атырау мұнай өңдеу зауытының оң қолдауының, бұл жобаға қатысушы қазақстандық және шетелдік мамандардың біріге атқарған еңбектерінің нәтижесі.

Қайта жаңғыртудың үшінші кезеңі – мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені жобасы да сәтті іске асырылдығына сендірген қытайлық серіктес алдағы уақытта да Қазақстан аумағындағы жобаларды іске асыруға белсенді атсалысып, екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екендіктерін айтты.

Кешеннің бас жобалаушысы «Омскнефтехимпроект» жобалау институты атынан РФ Федералды жиналысы Федерация кеңесінің мүшесі **Игорь Зуяга** сөз алып, Атырау мұнай өңдеу зауыты қызметкерлеріне жүрекжарды лебізін жеткізді:

– Бүгін тек сіздер үшін немесе Атырау өңірі үшін емес, кәлі Қазақстан үшін айшықты мереке. Өйткені, дәл бүгін, дәл осы алаңда, дәл осы шарада ірі кешенді іске қосу арқылы жаңа сала – отандық мұнай-химияның негізін қалап отырсыздар. Бұл жобаны іске асыру жолында үш

арада бұл өнім түрі экспортқа шығарылатын болады. Осылайша Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қолданыстағы кәсіпорындар базасында мұнай-химия кластерін құру жөніндегі тапсырмасын орындап отырмыз. Мұнай өңдеу саласының тұңғышы – Атырау мұнай өңдеу зауыты



және мұнай-химияны игеру жолында алғашқы қадам жасады. Бұл елеулі оқиға зауытымыздың 70 жылдық мерейтойымен тұспа тұс келіп отыр.

Одан соң ароматикалық көмірсутектер шығару кешені құрылысы жөніндегі департаментті басқарған **Мұрат Өтеғалиев**

жоқ. Ароматикалық көмірсутектер шығару қондырғысының басшысы **Бекзат Өтеғалиев** баян еткен мәлімет бойынша, аталған қондырғыдағы іске қосу-баптау жұмыстары да тәмам. Қондырғы қалыпты технологиялық ре-

жим өлшемдеріне шығарылған. Сондай-ақ, қондырғы басшысы тауарлық өнім – параксиллолды қазан паркіне және бензолды-толуолды фракцияны каталитикалық реформинг қондырғысына жіберуге дайын екендігін жеткізді.

Ароматикалық көмірсутектер шығару кешені басшысының орынбасары **Бауыржан Жандауов** жалпызауыттық шаруашылық нысандарының, соның ішінде азот шығару қондырғысы, алау қондырғысы, айналма сумен қамту блогы, химиялық су дайындау блогы, электр бөлу стансасы, сорғы бекетінің аралық қазандарының штатты режимде жұмыс істеп тұрғандығын, кешен қондырғыларының қажетті мөлшерде жылу, энергия және су ресурстарымен қамтамасыз етілгендігін және қазан паркінің тауарлық параксиллолды қабылдауға дайын екендігін баяндады.

Бұдан соң алаңда тұрған кешен басшысы **Василий Гацко** алынған мәліметтер бойынша кешенде параксиллолдың жекелеген фракциясын аралық қазандарға жіберу мүмкіндігі бар екендігін, жаңа өнімнің алғашқы легін қазан паркіне жіберуге дайын екендігін мәлімдеді.

Параксиллолдың алғашқы легін қазан паркіне жіберу мәртебесін Атырау облысының әкімі **Бақтықожа Ізмұхамбетов** пен ҚР энергетика вице-министрі **Мағзұм Мырзағалиев** иеленді. Ар-

үздік» байқауының жеңімпазы, жас маман **Мейірман Бекқожаевқа** бұйырды.



Осынау сәтке куә болған зауыттықтар мен меймандар өз қуаныштарын ду қол шапалақпен білдіріп жатты.

Мұны тарихи сәт деп бағалаған «ҚазМұнайГаз – өңдеу-маркетинг» АҚ төрағасы **Данияр Тиесов** өз ойын былайша білдірді:

– Бұл кешен бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы ең ірі өндіріс саналады. Бұл кешен – тәуелсіз Қазақстандағы ең ауқымды мұнай өңдеу және мұнай-химия нысаны. Ел Президенті әлемдік қаржы дағдарысы, әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуі жағдайында мұнайды терең өңдеу, мұнай-химия



найы орнатылған моноблоктағы тетік басылғаннан кейін лед-экраннан ысырманың ашылып, параксиллолдың қазан паркіне бағыт алғандығы көрінді.

Санаулы минуттардан

өнеркәсібін дамытуға күш салуды нақты міндет етіп қойған болатын. Бұл табысты арттырып, дағдарыс салдарын азайтуға сеп болады. Биылдың өзінде АМӨЗ АИ-92 маркалы бензинін былтырғы жылмен салыстырғанда 200 мың тоннаға артық өндіретін болады. Бұл аталған өнім деген импорттық тәуелділікті 20 пайызға дейін төмендетпек. Мемлекетіміз, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы кейбір қиындықтарға қарамастан зауыттарды модернизациялауға инвестиция салуда. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Біздің міндет – бұл инвестициялардың тиімділігін, модернизациядан соң біздің зауыттар, соның ішінде Атырау мұнай өңдеу зауыты ең үздік дүниежүзілік талаптарға сай болатындығын дәлелдеу. Ал біздің мұнай өңдеу және мұнай-химия салалары – еліміздегі ең үздік сала болмақ.

Ресми шара соңында меймандар мен зауыттықтар Ескендір Хасанғалиевтың «Атамеке» әнін қосыла шырқады. Ел, атамеке игілігі жолында тағы бір белесті бағындырған зауыттықтар алдында әлі талай асқақ міндеттер тұр.

Светлана ҚАЛИЕВА

* **Достижение****Репортаж**

НА АНПЗ ПОЛУЧЕНА ПЕРВАЯ ПАРТИЯ ПАРАКСИЛОЛА

2 октября стала еще одной памятной датой в истории Атырауского нефтеперерабатывающего завода. В этот день была получена первая партия нового продукта - параксилола. В официальной церемонии приняли участие высокопоставленные гости из Астаны, аким Атырауской области Бактыкожа Измухамбетов, руководители ряда государственных органов, ветераны труда, нефтяники, и конечно же, заводчане.

... Фанфары извещают о начале торжественного мероприятия. Звучит государственный гимн Республики Казахстан.

В целях развития отечественной нефтехимической отрасли, Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым перед правительством была поставлена задача о создании в Атырау нефтехимического кластера на базе имеющихся предприятий.

В связи с этим, кабинетом министров был разработан план, в рамках которого, на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе началось строительство комплекса по производству ароматических углеводородов, способного вырабатывать высокооктановые компоненты для производства товарного бензина и производить базовое сырье для нефтехимической отрасли - до 133 тыс. тонн в год бензола и 496 тыс. тонн в год параксилола.

Строительство КПА было начато в 2010 году и успешно завершено в 2014 году. 25 декабря прошлого года Президент страны Нурсултан Назарбаев дал старт началу пусконаладочных работ на комплексе по производству ароматических углеводородов. 3 июля 2015 года на КПА была получена первая партия бензола, и вот сегодня - параксилола.

Слово предоставляется акиму Атырауской области Бактыкоже Измухамбетову.

- Запуск комплекса по производству ароматических углеводородов дает старт нефтехимической отрасли Казахстана. Мы перешагнули очередную ступень в развитии нефтепереработки. Во время рабочего визита в Атыраускую область Президент Нурсултан Назарбаев дал высокую оценку работе, проводимой в регионе по диверсификации экономики. Вместе с тем, Елбасы поставил задачу по увеличению глубины переработки

нефти и выпуску продукции с высокой добавленной стоимостью. Можно уверенно сказать, что сегодня сделан большой шаг, который поможет решить поставленную задачу, - подчеркнул глава региона.

- Сегодня завод реализовал особо важный для Казахстана проект по выпуску бензола и параксилола. Таким образом, делается большой шаг в переходе от сырья к выпуску продукции с высокой добавленной стоимостью, выполняется поручение Главы государства, поставленное перед нефтеперерабатывающей промышленностью. Поздравляю всех заводчан с таким достижением, желаю вам дальнейшего развития, успехов и процветания!

- сказал заместитель министра



энергетики РК Магзум Мирзагалиев.

К трибуне приглашается генеральный директор КФ «Sinorec Engineering (Group) Co., Ltd.» Янь Шаочунь.

- В июне текущего года мы



успешно запустили установку ССР и получили пробную партию риформата. Сегодня, когда Атырауский НПЗ торжественно отмечает свое 70-летие, и когда все горожане отмечают день города Атырау, мы получаем первую партию параксилола на установке РХ. Для нас, как говорится, сегодня тройной праздник, тройная радость.

Это результат личной заботы уважаемого президента Нурсултана Назарбаева, при активной поддержке правительства Республики Казахстан, акимата Атырауской области, АО «НК «Каз-

МунайГаз», его дочерней компании - заказчика - Атырауского НПЗ. Это результат совместных усилий всех казахстанских подрядчиков компании «Sinorec Engineering (Group) Co., Ltd.». В этот торжественный момент я хотел бы от имени нашей корпорации поздравить всех с успешным завершением проекта и поблагодарить вас за совместную работу и оказанную поддержку.

Введение в строй проекта КПА позволит обеспечить сырьем нефтехимическое производство и будет в значительной мере способствовать развитию малого и среднего бизнеса в Атырауской области и трудоустройству. Вы знаете, что после завершения проекта КПА, нам предстоит еще более серьезная работа - строительство комплекса глубокой переработки нефти на Атырауском НПЗ, которое уже ведется. Мы примем все возможные меры, мобилируем все ресурсы для достижения механического завершения проекта в августе следующего года и пробного запуска в эксплуатацию КППН к концу следующего года.

Взаимоотношения между Китайской Народной Республикой и Республикой Казахстан переживают лучший период в истории своего развития. Визит Нурсултана Назарбаева в КНР в сентябре текущего года способствовало повышению сотрудничества двух стран на новый уровень развития. Долгосрочная программа развития КНР и казахстанская программа «Нурлы жол» открывает нам новые возможности взаимодействия. «Sinorec Engineering (Group) Co.,



Ltd.» будет принимать активное участие в рамках данных программ, и вносить свой вклад в укрепление дружественных связей двух стран.

- Сегодня не ваш праздник, и даже не праздник Атырауской области, а всего Казахстана! Потому что, сегодня на этой площадке, этим масштабным событием вы открываете и начинаете совершенно новую отрасль - нефтехимию, запуская такой красивый комплекс. Тысячи инженеров, тысячи работников и строителей трех государств Казахстана, России и Китая трудились для того,

чтобы сегодня этот праздник состоялся. Я уверен, что он принесет пользу всем, не только Казахстану, и может быть не только России и Китаю, но и всем нам, живущим в этом мире, потому что нефтехимия, нефть и газ, это то, что объединяет нас всегда. С праздником! - отметил в поздравительной речи представитель проектного института «Омскнефтехимпроект», член Совета Федерации Федерального собрания Российской Федерации Игорь Зуга.

Кульминационной частью це-



ремонии стало получение первой партии параксилола. Перед собравшимися выступил первый заместитель генерального директора ТОО «АНПЗ» по модернизации и развитию Рустем Бисалиев, который сказал, что в историю завода вписана еще одна страница - ос-

тельство этого комплекса наших подрядчиков - это китайская компания «Sinorec Engineering (Group) Co., Ltd.», НГСК «Казстройсервис» и многие казахстанские подрядные организации. Отдельно хочу поблагодарить Банк Развития Казахстана, который на протяжении этих лет работает вместе с нами. Я поздравляю вас всех с сегодняшним событием, в этом есть вклад каждого из вас.

Рустем Бисалиев просит строителей комплекса по производству ароматических углеводородов доложить о готовности.

Мурат Утегалиев, директор департамента по строительству КПА: «Механическая часть строительства комплекса по производству ароматических углеводородов завершена в 2014 году. Комплекс включает две основные установки с шестью технологическими процессами, также построены 33 объекта общезаводского хозяйства, включающие в себя 53 строительных титула. Получены положительные заключения авторского надзора о соответствии законченных объектов проектным решениям и заключения независимого технического надзора о соответствии качества выполненных строительно-монтажных работ. Подписаны акты рабочей комиссией, все выданные замечания устранены. Комплекс по производству ароматических углеводородов готов для предъявления государственной приемочной комиссии».

Далее, на прямую связь выходят и докладывают начальники установок каталитического риформинга, установки производства ароматических углеводородов и с объектов общезаводского хозяйства.

Павел Сармин, начальник установки каталитического риформинга:

«На установке каталитического риформинга с непрерывной регенерацией катализатора и с блоком извлечения бензола завершены пусконаладочные работы с достижением гарантийных показателей. Установка находится на рабочих параметрах, с получением товарных автокомпонентов и бензола. Обеспечивается подача сырьевых потоков на установку по производству ароматических углеводородов, замечаний по работе технологического оборудования нет».

Бекзат Утегалиев, начальник установки по производству ароматических углеводородов:

«На установке по производству ароматических углеводородов завершены пусконаладочные работы. Установка выведена на параметры нормального технологического режима, находится на горячей циркуляции. Готова к выводу товарного потока параксилола в резервуарный парк и выводу бензола - толуольной фракции для дальнейшей разделения на установку каталитического риформинга».

(Продолжение на стр.7)

* **Салтанатты жиын**

ЖЕҢІСПЕН ӨРІЛГЕН ЖЕТПІС ЖЫЛ



Өткен жұмада «Атырау» мәдени орталығында Атырау мұнай өңдеу зауытының 70 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Зауыттықтарды мерейлі межемен құттықтауға билік өкілдері, ардагерлер мен қоғам қайраткерлері, зауыт серіктестіктері көптеп жиналды.

Салтанатты жиын басталмас бұрын қонақтар назарына зауыт тарихын баяндайтын деректі фильм ұсынылды.

Еліміздің Әнұранымен бастау алған жиынның алғы сөзі Атырау облысы әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетовке берілді:



- Сіздерді Атырау мұнай өңдеу зауытының іске қосылғанына 70 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Майдан қажеттілігі үшін салынған Атырау мұнай өңдеу зауытынан қазақстандық мұнай өңдеу саласының тарихы бастау алады.

Алғашқы жылдарда 800 мың тонна мұнай өңдеген зауыт бүгінде заманауи үлгідегі технологиялық қондырғылармен жарақтанған қуатты өндірістік кәсіпорынға айналды. Елбасының тікелей қолдауымен соңғы он жылда зауыт ерекше қарқынмен дамыды.

Отандық мұнай-химия кластерін құру мақсатын көздейтін қайта жаңғыртудың екінші кезеңі аясында жылына 133 мың тонна бензол, 496 мың тонна параксиллол шығаруға және тауарлы бензиндер сапасын арттыруға мүмкіндік беретін ароматикалық көмірсутектер шығару кешені салынып, іске қосылды. Биылғы жылдың наурызынан бастап бұл кешенде жоғары октанды компонент өндіріле бастады, ал шілде айында мұнай-химия өнеркәсібіне шикізат ретінде қолданылатын бензол өнімінің алғашқы тауарлық партиясы алынды. Бүгін, міне, зауытта өндірілетін өнім түрлерінің қатары тағы бір мұнай-химия шикізатымен толығып, параксиллол өндіріске жол тартты. Бұл еліміздің мұнай өңдеу және мұнай-химия саласындағы елеулі оқиға. Осылайша еліміздің тұңғыш мұнай өңдеу кәсіпорны болып

саналатын зауытымыз мұнай-химия саласын да бірінші боп бағындырғалы отыр.

Қазіргі таңда қайта жаңғыртудың үшінші кезеңі - мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жылына 2 миллион 400 мың тонна шикізат өңдеуге есептелген жаңа кешен әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беріп, Еуро-5 стандартына сай мотор отындарының өндірісін жолға қоймақ. Бұл отандық мұнай өңдеу саласын дамуының жаңа деңгейіне көтермек. Әйтсе де, бұл жетістіктермен шектеліп қалуға болмайды. Алар асу әлі алда.

Қадірлі салтанатты шараға қатысушылар, сіздерді зауыттың 70 жылдығымен шын жүректен құттықтай отырып, ел дамуы жолындағы еселі еңбектеріңізге жеміс, жоғары өндірістік көрсеткіштер тілеймін! Өндіріс өркендеп, еліміз гүлдене берсін!

Келесі сөз кезегін алған Атырау мұнай өңдеу зауыты бас директорының міндетін атқарушы Азамат Ақышев зауыттың даму жолындағы маңызды кезеңдерге тоқталып өтті:

- Біздің тарихымыз бай. Зауыт екі жылға жетер – жетпес уақыт



ішінде салынып, 1945 жылдың 8 қыркүйегінде алғашқы өнім – автокөлік бензині алынды. Осылайша елімізде мұнай өнеркәсібі дамуының жаңа дәуірі бастау алды. Құрылысшылар мен алғашқы зауыттықтардың еңбегі майдан даласындағы жауынгерлер ерлігіне пара-пар. Біздің зауытты Жеңістің төл құрдасы атайтыны да сондықтан.

Мұнай өнеркәсібіндегі жаңа саланың бастауы болған зауытымыздың аты Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылды. Біздің зауыт елімізде ең бірінші боп бензин, авиокеросин өнімін берді. Өткен жүзжылдықтың 60-ыншы жылдары зауытты қайта жаңғырту бағыты ұсталды. Жаңа қондырғылар іске қосылып, өнім түрлері молайды. Ал 80-інші жылдары Қазақстанда алғашқы боп шикі және шынықтырылған кокс шығару қолға алынды. Сындаларлы 90-ыншы жылдарда да зауыт тұрақтылықты сақтап қалды.

Зауыт «Қазақойл», кейін

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясының құрамына кіргеннен кейін серпінді дами бастады. Мемлекеттің, Елбасымыздың тұрақты қолдауының арқасында АМӨЗ ауқымды қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алып, республикамыздың өндірістік индустриясындағы болашағы зор нысандардың санатынан көрінді.

... Зауыттың басты капиталы – адамдар. Зауыт тарихы мыңдаған қарапайым жұмысшының, мамандардың, технологтар мен инженерлердің еңбегімен жазылды. Бұл адамдар жылдар бойына өндірісті игерді, жан-тәндерімен беріле еңбек етті, жиган білімдері мен тәжірибелерін балалары мен немерелеріне дарытты. Осылайша еңбек династияларының негізі қаланды.

«Бәрі де адам үшін – бәрі де адам игілігі үшін» деген сөзді ұран етіп келе жатқан біз зауыттықтардың өмірі мен тұрмыс жағдайын жақсартуға жете назар аударудамыз. Зауыттықтар әлеуметтік тұрғыда толық қорғалған. Аға буын салған жолды абыроймен жалған келе жатқан жастарымыз да басты назарда.

Біз бүгін өздерінің абыройлы да мінсіз еңбектері арқасында шексіз құрметке ие болған мұнай өңдеу саласының ардагерлері алдында бас иеміз.

Зауыт мерейтойын атап өте отырып, «қара алтын» игеру жолында қажырлы еңбектерін аямаған геологтар мен мұнайшыларға да айрықша алғыс айтқымыз келеді.

Сондай-ақ, Атырау облысы әкімдігіне, ҚР Энергетика министрлігіне, «Самұрық - Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына, «КазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына, біздің акционеріміз – «КазМұнайГаз – өңдеу-маркетинг» АҚ-на, ұзақ жыл бойы ынтымақтастықта еңбек етіп



келе жатқан серіктестерімізге өз ризашылығымызды білдіреміз.

Өздерінің кіршіксіз еңбектерімен зауыт даңқын асқақ ұстай білген әр жұмысшымыз жоғары бағаға лайықты.

Сіздерді шын жүректен Атырау мұнай өңдеу зауытының 70 жылдығымен құттықтаймын! Ел еңсесі биік, аспанымыз ашық болсын!

Келесі боп сахна төріне көтерілген ҚР энергетика вице-министрі Мағзұм Мырзағалиев министр Владимир Школьниктің Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымына жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

Бұдан соң вице-министр «КазМұнайГаз – өңдеу - маркетинг» АҚ бас директоры Данияр Тиесовке ҚР энерге-



тика министрінің «АМӨЗ-70 жыл» мерейтойлық медалін табыс етті. Сондай-ақ, жоғары өндірістік көрсеткіштері мен адал еңбегі үшін орталық зауыт зертханасының инженер-химигі Жанар Нұрсұлтанова «Мұнай – газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен, №4 цехтың эстакада операторы Хоныс Еркебаев энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Самұрық - Қазына» акционерлік қоғамы атынан зауыттықтарды мерейтоймен құттықтаған Ұлттық әл-ауқат қорының мұнай-газ активтері жөніндегі басқарушы директоры Мәлік Сәлімгереев қордың Басқарма Төрағасы

зауыттыққа жемісті еңбек, кәсіби шеберліктері мен жоғары жетістіктері үшін «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасын табыстады. Олардың қатарында №8 цех слесарі Жайықбай Құмар, сатып алулар жөніндегі департамент директоры Вера Думлер, №5 цех операторы Равиль Данишев, №8 цехтың аға механигі Михаил Огай, МТӨК құрылысы жөніндегі департаменттің бас маманы Татьяна Кузнецова бар.

«Kazenergy» қауымдастығының төрағасы Тимур Құлыбаев, «КазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Басқарма Төрағасы Сауат Мыңбаевтың құттықтауын «КазМұнайГаз – өңдеу - маркетинг» АҚ бас директоры Данияр Тиесов жеткізді. Сондай-ақ, ол жоғары қабілет, биік кәсіби мақсаттарды бағындыру жолындағы қажырлытары үшін мұнайды терең өңдеу кешені құрылысы жөніндегі департамент директоры Мұрат Өтеғалиевке, мұнайды терең өңдеу кешені басшысының технология жөніндегі орынбасары Олег Гушциге, басқарушы директордың мұнайды терең өңдеу кешені жобасын техникалық қолдау жөніндегі орынбасары Дмитрий Макеевке, мұнайды терең өңдеу кешені материалдары мен жабдықтарын қабылдау және жинақтау департаментінің директоры Абдолла Халеловке, технологиялық қондырғы операторы Сатыбалды Сапарғалиға «KAZENERGY» медалін табыс етті. Сондай-ақ, МӨЖМӨТК өндірісінің операторы Шайхат Дүзелбаев, бюджеттік және тарифтік жоспарлау бөлімінің басшысы Әлия Иманқұлова, №5 цех операторы Алексей Силин, ЖЭО ауысым басшысы Тілекқабұл Төлегенов, ЖЭО аға

инженері Вадим Соловьевтар ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ және «КазМұнайГаз – өңдеу - маркетинг» АҚ Құрмет грамоталарымен марапатталды.

(Соңы 6-бетте.)

ЛОКОМОТИВ ИНДУСТРИАЛЬНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

В культурном центре «Атырау» состоялось торжественное собрание, посвященное 70-летию Атырауского нефтеперерабатывающего завода. В нем приняли участие руководители местных государственных органов, депутаты областного маслихата, ветераны войны и труда, государственные и общественные деятели, представители неправительственных организаций, гости из дочерних компаний АО «КазМунайГаз - переработка и маркетинг», партнеры Атырауского НПЗ из ближнего и дальнего зарубежья, работники завода.

... В фойе культурного центра играл духовой оркестр, гостей встречали руководители и активисты завода. Красочно была оформлена сцена. Торжество началось с показа документального фильма про завод. Звучат фанфары и ведущие объявляют о начале торжественного собрания. С поздравительной речью к собравшимся обратился аким Атырауской области Бактыкожа Измухамбетов.

— Дорогие ветераны, работники завода! Поздравляя с 70-летием Атырауского нефтеперерабатывающего завода!

Именно с Атырауского нефтеперерабатывающего завода, построенного в годы Великой Отечественной войны для нужд фронта, и сданной в эксплуатацию в победный 1945-ый год, берет начало история казахстанской нефтепереработки. Завод, первоначальная мощность которого составляла 800 тысяч тонн нефти, все эти годы успешно развивался, и сегодня это современное, высокотехнологичное производство. Благодаря поддержке Главы государства и правительства, последнее десятилетие ознаменовалось для Атырауского НПЗ грандиозными переменами. Результатом первого этапа, так называемой японской реконструкции, проведенной в 2003-2006 годах, стало повышение качества выпускаемой продукции и снижение вредного воздействия на окружающую среду. В целях создания нефтехимического кластера на Атырауском НПЗ, в ходе второго этапа модернизации построен комплекс по производству ароматических углеводородов, где будут производиться высокооктановый компонент для приготовления высокооктанового товарного бензина, а также продукты нефтехимии: 133 тысяч тонн в год бензола и 496 тысяч тонн в год парахсилола. Комплекс по производству ароматических углеводородов, построенный в рамках Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития, считается уникальным и не имеет себе аналогов в странах СНГ. С марта этого года на этом комплексе начали получать высокооктановый компонент, а в июле была получена первая, товарная партия бензола. И вот сегодня, на заводе

получили первую партию парахсилола. Это знаменательное событие в истории не только отечественной нефтепереработки, но и нефтехимии. Активным ходом сейчас идет третий этап модернизации — строительство комплекса глубокой переработки нефти. Его производственная мощность составит 2 миллиона 400 тысяч тонн экологически чистых нефтепродуктов,

мент выпускаемой продукции. В 80-е годы первыми в Казахстане стали производить сырой и прокаленный кокс. В тяжелые 90-е годы для страны завод оставался островком стабильности в неспокойных волнах рыночной экономики, и лишь конец того десятилетия был трудным. Вы помните тот период: многие предприятия не работали, были неплатежеспособными, везде был

сокооктановый автомобильный бензин, соответствующий экологическому классу К3, К4. Мы готовы производить в промышленных партиях бензол. Сегодня некоторые из вас стали свидетелями получения первой партии парахсилола. Эти два новых продукта являются базовым сырьем для нефтехимии. Таким образом, Атырауский НПЗ, ставший первым в отечественной нефтепере-

реподготовки молодых специалистов, повышения их квалификации, помогающих начинающим нефтепереработчикам раскрыть свой потенциал.

Сегодня мы преклоняем наши головы перед ветеранами нефтеперерабатывающей отрасли, которые заслужили глубокое уважение и почет своим достойным и преданным трудом.

Отмечая юбилейную дату нашего завода, приносим слова благодарности геологам и нефтяникам, благодаря труду которых добывается «черное золото».

Выражаем слова особой признательности руководству Атырауской области, министерству энергетики, Фонду «Самрук-Казына», национальной компании «КазМунайГаз», нашим акционерам «КазМунайГаз-переработка и маркетинг», а также строителям, партнерам, с которыми у нас налажено многолетнее деловое сотрудничество, основанное на взаимопонимании и доверии.

Достойны высокой оценки все работники нашего завода, которые своим безупречным и добросовестным трудом, приумножают славу флагмана Казахстана.

Кардинально изменился облик первенца нефтепереработки Казахстана, сменилось не одно поколение нефтепереработчиков, но неизменными остались славные трудовые традиции, заложенные в далекие сороковые годы. Мы ценим наши славные традиции, которые символизируют созидательный труд, создают достойный образ настоящего нефтепереработчика. Для многих из нас завод стал жизнью и судьбой.

Наш завод является одним из градообразующих предприятий города, и в числе первых принимает участие во всех социальных проектах города.

Достигнув 70-летия своего рождения, Атырауский НПЗ продолжает свой славный путь, взяв ориентиры на новые успехи и свершения.

Приветственный адрес от имени министра энергетики РК Владимира Школьника зачитал вице-министр энергетики Магзум Мирзагалиев.

«В суровые годы Великой Отечественной войны ваши деды и отцы своим самоотверженным трудом заложили фундамент новой для нашей страны отрасли, построили и запустили эксплуатацию первый нефтеперерабатывающий завод Казахстана. Сегодня, спустя 20 лет, вы — потомки и наследники тех героических людей, продолжаете дело их жизни, постоянно улучшая и модернизируя материально-техническую базу, внедряя современные технологические процессы и решения. Ваш повседневный труд вносит значительный вклад в топливную безопасность и развитие топливно-энергетического комплекса РК, обеспечивает граждан и экономику страны более чем 20 видами нефтепродуктов и этот список постоянно пополняется», — говорится в приветственном адресе.

(Продолжение на стр. 7)



